

"Ұлытау ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 10 ақпандасы № 03/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 наурызда № 2556 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 18/05 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің 22.06.2016 № 18/05 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Зандарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы", 2013 жылғы 7 наурыздағы № 523 "Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Жарлықтарына сәйкес, Ұлытау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕД:

1. Қоса берілген "Ұлытау ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Уткельбаев Ерлан Сериковичке жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Х. Омаров

Ұлытау ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 10 ақпандасы
№ 03/01 қаулысымен
бекітілген

"Ұлытау ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің

Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Ұлытау ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) Ұлытау ауданының сәулет және қала құрылышы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйректарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 101500, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Абай көшесі, 23.

9. Бөлімнің толық атауы:

мемлекеттік тілде - "Ұлытау ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімі"
мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – государственное учреждение "Отдел архитектуры и градостроительства Улытауского района".

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Бөлімнің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары және міндеттері

13. Бөлімнің миссиясы: ауданың елді мекендерінде аумақтық даму қала құрылышы шешімдерін сапалы жаңа деңгейіне жеткізу мақсатында сәulet және қала құрылыш қызметін дамыту саласында мемлекеттік саясатын өткізу.

14. Міндеттері:

1) тиісті аумақта сәulet және қала құрылышы қызметі саласында мемлекеттік саясатын жүргізу;

2) құрылыш саясаты, онтайлы құрылыш салуды ұйымдастыру және ауданың елді мекендерінде аумақтық даму құрылыштық шешімдерін тиімді іске асыруға байланысты жұмыстардың сапасын арттыру;

3) ресурстық және технологиялық базасын қайта құру негізінде инфрақұрылымның және құрылыштың дамуына жәрдемдеседі;

4) әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымдар объектілерінің құрылышын жеке тұрғын үй құрылышы аумағында ұйымдастыру;

5) объектілерді жобалау үшін нормативтік-техникалық құжаттамасы базасын дамыту;

6) аудан аумағын қала құрылыштық игеру кезінде заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген, сәulet және қала құрылышы қызметі, мемлекеттік нормативтер туралы заңнамасының және өзге де жобалы құжаттаманың нормаларын сақтау;

7) ауданың елді мекендерін кешенді әлеуметтік-экономикалық дамытуына ағымдағы және келешекті міндеттерін шешуге бағытталған жұмыстарды және қала құрылыштық бағдарламаларды іске асыруды ұйымдастыру;

8) қала құрылышы жобасын ұйымдастыру;

9) қала құрылышының құжаттаманың барлық сабактас бөлімдерін үйлестіру;

10) ауылдық елді мекендердің бас жоспарлары жобаларын әзірлеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

11) ведомствалық бағыныстағы аумақтағы әлеуметтік саланың объектілерін, коммуникацияларды, тарихи және мәдени ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтауын ұйымдастыру және олардың нормативтік ұстауын бақылау (пайдалануын);

12) көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру.

15. Функциялары:

1) аудан аумағындағы қала құрылышын дамытудың кешенді схемаларын, сондай-ақ елді мекендерді дамытудың бас жоспарларын аудандық мәслихаттың бекітуіне әзірлеуді және ұсынуды ұйымдастырады;

2) аудан аумағындағы қала құрылышын жобалаудың (аудандық жоспарлау

жобасының) кешенді схемасын, елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

3) аудан аумағын қала құрылыштық игеру кезінде заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген, сәulet және қала құрылышы қызметі, мемлекеттік нормативтер туралы заңнамасының және өзге де жобалы құжаттаманың нормаларын сақтауға мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді;

4) қала құрылышы тәртібін және салу ережесін сақтаумен, бекітілген қала құрылышы құжаттамасына сәйкес құрылыш жоспарларының жүзеге асырылуына бақылауды жүзеге асырады;

5) жобаларға мемлекеттік сараптама жүргізетін республикалық және аумақтық бөлімшелермен, мемлекеттік сәulet-құрылыш және лицензиялау департаментімен, лицензиялау органдарымен, сәulet және қала құрылышы қызметі саласында мемлекеттік, қоғамдық және жеке мұдделерді қорғау мәселелері бойынша өзара әрекеттеседі;

6) аумақта жоспарланып отырған құрылыш салу не өзге де қала құрылышының езгерістері туралы халықты ақпараттандырады;

7) заңнамамен белгіленген тәртіпте аудан аумағында базалық деңгейде мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізуі жүзеге асырады;

8) занды және жеке тұлғаларға Мемлекеттік қала құрылышы кадастрын занда белгіленген тәртіпте ұсынады;

9) тұрғын үй-азаматтық құрылыш өндірісі, әртүрлі материалдар түрлері, бұйымдар және конструкциялар үшін өндіріске жаңа технологиялар енгізеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын белгілейді және тағайындейды, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізеді;

11) жоспарлау жобаларын, тұрғын үйлер мен өндірістік аудандарды салудың, тиісті аумақтың жоспарлау құрылымындағы маңызды жеке ғимараттар мен ғимараттың сәuletтік жобаларын әзірлеуге конкурстарды өткізуі үйимдастырады;

12) азаматтар мен занды тұлғалардың қала құрылышы қызметін жүзеге асыру мәселелері жөніндегі арыздары мен өтініштерін қарайды және өз құзыретінің шегінде шешім қабылдайды;

13) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы заңнамаларының және басқа да сәulet және қала құрылышы қызметі жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

14) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету үдерістерін оңтайландыру және автоматтандыру жөнінде

шаралар қабылдайды;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсетеу сапасын ішкі бақылауды жүргізді;

16) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

17) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, халықта қызмет көрсете орталықтарына мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсете үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті ұсынады;

18) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) осы Ережеде көзделген функцияларды орындау және жүзеге асыру үшін аудандық атқарушы органдары мен басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардан қала құрылыш мәселелері бойынша қажетті құжаттар мен материалдарға сұратуға;

2) ауданда өткізілетін қаржы-несиелік, инвестициялық, жекешелендіру, салық саясатының шешімдерін өзірлеуіне және Бөлімнің жай-күйіне әсер ететін өзге де жағдайларда қатысуға;

3) өз құзыреті шегінде аудан аумағындағы құрылыш қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға;

4) өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде құрылыш және құрылыш индустрия кез келген объектілеріне кедергісіз кіруге;

5) адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп-қатер көрсететін, сондай-ақ меншікке, республика азаматтарының құқықтары мен мүдделеріне және занды тұлғаларға зиян келтіретін, жобалық құжаттамамен бекітілген нормативтік талаптардың ауытқуы мен бұзушылықтарымен орындалатын құрылыштарды қаржыландыру және несиелендірудің толық немесе ішінана тоқтатуы туралы тиісті органдарға белгіленген тәртіпте ұсыныстар енгізуге;

6) занда белгіленген тәртіпте өз бетімен құрылыш салу, қала құрылышы тәртібін бұзған үшін кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы мәселелерін тиісті мемлекеттік органдар алдында қозғауға;

7) аудан аумағында сәулет және қала құрылышы аясындағы мемлекеттік нормативтер мен талаптардың бұзылу себептерін анықтауға және талдауға;

8) сәулет және қала құрылышы саласындағы жұмысты жетілдіру бойынша ұсынысты енгізуге;

9) тұрғын үй объектілерін, инженерлік инфрақұрылымды салуға, қайта құруға және күрделі жөндеуге, абаттандыруға, мердігерлермен жасалған тендерлік

шарттардың талаптарын сақтауды бақылауға;

10) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелері бойынша жиналыстар өткізуге;

11) құрылыш мәселелері бойынша аудан әкімдігінің қаулылары мен әкім әкімдерінің жобаларын дайындауға;

12) Бөлімнің жүргізуіне қатысты мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарауға, тексеруге және олар бойынша тиісті шаралар қабылдауға;

13) жер участкерін беру, жобаларды келісу, техникалық жағдайларды беру, құрылыш кезінде қызмет көрсету, сондай-ақ жеке салушылардың мүдделерін қорғайтын нормаларды сақтау бойынша материалдарды дайындау, құрылыш ережелерімен белгіленген мерзімде жүзеге асыратын жергілікті қызметтердің жұмысын бақылауға;

14) өз құзыретінің мәселелері бойынша жұмыс топтарын құруға, ведомствааралық комиссиялардың жұмысына қатысуға;

15) нормативтік сәulet-қала құрылышы және экологиялық талаптарына жауап бермейтін жобаларды келісуден бас тартуға;

16) әр нақты жағдайда жобалаудың сатылығы, құрамы және көлемін, эскиздік жобалардың әзірлеу қажеттілігін, вариантық және конкурснық жобалаудың сәulet және қала құрылышы маңызы бар объектілерін, жеке жобалардың әзірлеу және үлгі жобаларды қолдану орындылығын анықтауға;

17) қолданыстағы заңнамада көзделген осы Ережеде анықталған міндеттер мен функциялардан туындаитын өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

3. Бөлімнің қызметін ұйымдастыру

17. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. Бөлім басшысын аудан әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. Бөлім басшысының өкілеттігі:

1) басшы Бөлім жұмысын ұйымдастырады және жүзеге асырады, Бөлімге жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады, Бөлім қызметінің жеке бағыттарына басшылық және жауапкершілік дәрежесін орнатады;

2) Бөлім қызметкерлерінің қызметтік өкілеттіктерінің көлемін және лауазымдық нұсқаулықтарын олардың атқаратын қызметтеріне сәйкес бекітеді;

3) өз құзыреті шегінде Бөлімнің барлық қызметкерлеріне орындау үшін міндетті бұйрықтар, нұсқаулықтар шығарады және нұсқаулар береді;

- 4) заңнамаға, штаттық кестеге сәйкес Бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
- 5) белгіленген тәртіpte аудан әкімінің қарауына Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелері бойынша шешімдер және өкімдер жобаларын енгізеді;
- 6) құжаттардың орындалуы бойынша бақылауды үйымдастырады және жүзеге асырады, олардың сақталуына жаупты болады;
- 7) заңнамамен белгіленген тәртіpte қызметкерлердің көтермелегеүін жүзеге асырады;
- 8) қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіpte мемлекеттік органдарда және үйымдарда өз құзыреті шегінде Бөлімнің өкілі болады;
- 9) Бөлім атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 10) өз құзыреті шегінде Бөлім атынан сенімхаттар береді;
- 11) банкttіk шоттар ашады;
- 12) шарттар жасайды;
- 13) оның құзыретіне қатысты өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Бөлімнің басшысы болмаған кезеңде оның өкіллелтіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

4. Бөлімнің мұлкі

20. Бөлім заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Бөлімге бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.
22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта үйымдастыру және тарату

23. Бөлімді қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК